**Автор**: Шажабаева Жанар Сауытовна
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Видео құру
**Тақырып**: Бейнеклиптерді жасау

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.2.4.1 Бейнеклиптерді жасау. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар:<br>«Видеожазба, бейнеклип, редактор» ұғымдарын біледі.<br>Видеожазбаларды қалай өңдеу керек екеніне мысал келтіре алады.<br>Оқушылардың көпшілігі:<br>Videopad редакторымен таныс, видеожазба және видео-редактор ұғымын ажырата алады.<br>Кейбір оқушылар<br>Видеожазбаны өндеуді ұсына алады.<br>Videopad редакторымен өз бетінше жұмыс істей біледі. |
| Тілдік мақсаттар: | Тілдік-сөздік қорларды молайтады. Пәндік лексика мен термионология:<br>Видеожазба; құралдар; өңдеу; табиғат;<br>Мен редактормен жұмыс істеуді бастадым.<br>Мен видеожазбаны өңдеуді үйрендім. |
| Бағалау критерийлері: | Видеожазбаларды қалай өңдеу керек екеніне мысал келтіре алады.<br>Videopad редакторымен таныс, видеожазба және видео-редактор ұғымын ажырата алады.<br>Видеожазбаны өндеуді ұсына алады.<br>Videopad редакторымен өз бетінше жұмыс істей біледі. |
| Құндылықтарды дарыту: | Сын тұрғысынан ойлау<br>Қарым-қатынас жасау қабілеті және жауапкершілік<br>Шығармашылық<br>АКТ<br>Достық және денсаулық |
| Пәнаралық байланыс: | Музыка |
| Бастапқы білім: | Видеожазба ұғымын біледі.<br>Видеожазба жасауға арналған программамен таныс.<br>Видеожазбалар жасауды біледі.<br>Видеоредактормен жұмыс істей алады. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(0 - 5 мин) | 1.Ұйымдастыру. Оқушыларды шеңберге тұрғызып жылы шыраймен сәлемдесу және бір-біріне жүректен-жүрекке жылуын беру жақсы тілектер айту.<br>Оқушыларды компьютерлік орындарға отырғызу. | Жүрекше Тақтадан бейне көрсетілім |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(6 - 34 мин) | 1. Оқушылар компьютерлерді іске қосып, Videopad редакторын ашу.<br>2. Сұрақтарға жауап беру арқылы өткен сабақтарды қайталау, мұғаліммен бірге videopad редакторымен жұмыс істеуді қайталау.<br>1) Видеожазба деген не?<br>2) Videopad редакторы деген не?<br>3) Видеоны қалай өңдеуге болады?<br>4) Видеоны қалай сақтауға болады?<br><br>3. Видеоны өңдеу. Жоба құру. Жобаның мақсаты: видеоақпаратпен жұмыс жасау, видеоға дыбысты, мәтінді жазу. Жұмыс барысы:<br>• VideoPad редакторын іске қосу.<br>• Жұмыс үстеліндегі бумаға Интернеттен табиғатқа байланысты ақпараттар жинақтау.<br>• VideoPad редакторында дыбыс жазу, видеоны өңдеу, әсерлер қою.<br>• Видеоны сақтау. Программаны іске қосып, видеожазбаны тамашалау.<br><br>1-тапсырма Абай Құнанбайұлының табиғат туралы өлеңдерін негізге ала отырып, бумаға интернеттен суреттер, ақпараттар жинақта.<br><br>2-тапсырма VideoPad редакторында жиналған ақпаратпен видеожазба жаса. Микрофонды пайдаланып, Абайдың табиғатқа арналған бір өлеңін тауып алып, дыбыс файлын видеожазбаға жүкте.<br><br>Сергіту сәті Бейнероликтен көзге арналған жаттығулар орындайды<br><br>3-тапсырма Видеожазбаны суреттермен толықтырып өңдеп, видео әсерлер, түрлі ауысулар қос. Оған мәтіндік әсерлерді пайдаланып, мәтін қос. Видеожазбаны жұмыс үстеліне сақта. | Интерактивті тақта Оқулық<br>Дербес компьютерлер<br>Интернет |
| Сабақтың соңы<br>(35-37 мин) | Сабақты қорытындылау.<br>Оқушылардың видеоклиптерін тексеріп шығу.<br><br>Бағдаршам әдісі бойынша оқушыларды бағалау.<br>Бағдаршам арқылы-<br>- нені білді, нені үйренді;<br>- не әлі де түсініксіз;<br>- қандай бағытта жұмыс жүргізу қажеттігін білу. |  |
| Рефлексия<br>(2 мин) | «Сандық» «Ет тартқыш», «Себет» арқылы стикерлер жапсырады.<br>Сандыққа- өз қоржыныма не алдым?<br>Ет тартқыш – мен осы білгенімді әрі қарай алып кетемін.<br>Қоқыс жәшігі – маған ұнамады . | |